

**Qazaqstan
halqyna**

**2022 ЖЫЛҒЫ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-ДА
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ
ДОНОРЛАР ПУЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ
МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Бұл есеп жеке банктің бөлінісінде дайындалды, өйткені донорлар аударған қаражатты мақсатты пайдалану әрбір донор үшін жеке ұсыну мүмкін емес. Алайда, Қор донорлардың қаражаты аударылатын банктердің әрқайсысы бойынша донорлардың қаражатын мақсатты пайдалану бойынша есеп жүргізеді. Қаражатты қандай да бір банкке аударған донорлардың әрқайсысы Қордың барлық қайырымдылық бастамаларын қаржыландыруға тең дәрежеде қатысады деп болжанады




**Qazaqstan
halqyna**

2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ
СОМАСЫНАН - **131 786 022 269,67** ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ **21,59%** - **28 446 383 664,38** теңге
ҚОРДЫҢ “ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК”
АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНА АУДАРЫЛДЫ




2022 жылы ірі донорлардан түсетін түсімдер, теңге





2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕ 21,59% - 28 446 383 664,38 теңге ҚОРДЫҢ “ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК” АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНА АУДАРЫЛДЫ





**Qazaqstan
halqyna**

6 502 866 967,74 теңге

2022 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

(6 456 164 367,78 теңге; 99,28%)

Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу – 6 184 648 778,57 теңге

Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету – 108 249 168 теңге

Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру – 15 381 243 теңге

Шетелдік клиникаларда ауыр жағдайдағы науқастарды емдеу – 147 885 178,21 теңге

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

(9 404 242 теңге; 0,14%)

«Тұсау кесер» жобасы – 9 404 242 теңге

СПОРТ

(12 730 637,96 теңге; 0,2%)

«24 балалар спорт залы» жобасы – 101 901 теңге;

ҚР спортшыларын пара-хоккейге дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету – 12 628 736,96 теңге

ТЖ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨМЕК

(15 000 000 теңге; 0,23%)

Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету – 15 000 000 теңге

АТАУЛЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

(9 567 720 теңге; 0,15%)

Медициналық мамандарды шетелде оқыту – 7 137 720 теңге

1 науқас үшін NAIDA M90 SP (бинауральды) сымсыз есту аппараты сатып алу – 2 430 000 теңге



6 502 866 967,74 теңге

2022 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобаның атауы	Жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1	Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу	30 000 000 000,00	6 184 648 778,57	95,11	20,62
2	Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	1 568 000 000,00	108 249 168,00	1,66	6,90
3	Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру	870 273 144,00	15 381 243,00	0,24	1,77
4	Шетелдік клиникаларда ауыр жағдайдағы науқастарды емдеу	275 754 050,00	147 885 178,21	2,27	53,63
5	«Тұсау кесер» жобасы	37 494 066,00	9 404 242,00	0,14	25,08
6	«24 балалар спорт залы» жобасы	234 687 000,00	101 901,00	0,0015	0,04
7	ҚР спортшыларын пара-хоккейге дайындау және қатысу үшін спорттық және жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	12 628 736,96	12 628 736,96	0,19	100,00
8	Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету	2 118 000 000,00	15 000 000,00	0,23	0,71
9	Медициналық мамандарды шетелде оқыту	9 499 550,00	7 137 720,00	0,11	75,14
10	1 науқас үшін NAIDA M90 SP (бинауральды) сымсыз есту аппараты сатып алу	2 430 000,00	2 430 000,00	0,04	100,00
	БАРЛЫҒЫ	35 128 766 546,96	6 502 866 967,74	100,00	



Qazaqstan
halqyna

ОРФАНДЫҚ АУРУЛАР БОЙЫНША ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ

Осы қайырымдылық бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сирек және күрделі аурулары бар балаларды қымбат және тіркелмеген препараттармен қамтамасыз ету жүргізіледі. 2022 жылы Қор сирек және күрделі аурулары бар барлығы 130 пациентті дәрілік заттармен қамтамасыз етті, оның ішінде 118 пациент орфандық аурулары бар пациенттер, оның ішінде 100 бала. Бағдарламаның жалпы құны 30 000 000 000 теңге болғанда 2022 жылы жалпы құнның 20,62%-ы және Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан жалпы төлемдердің 95,11%-ы іске асырылды. 2022 жылғы маусым-желтоқсан аралығында Қор «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан мынадай медициналық препараттар үшін 6 184 648 778,57 теңге мөлшерінде төлемдер аударды:

- Дюшенді бұлшықет дистрофиясы (ДБД) диагнозы қойылған 2 балаға арналған Golodirsen (Vyondys – 53 50);
- Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Абай, Қызылорда облыстарынан, Астана, Шымкент, Алматы қалаларынан келген 13 пациентке Эврисди/Рисдиплам (Risdiplam/ Evrysdi);
- Жасөспірімдік идиопатиялық артритпен ауыратын 2 пациентке арналған Иларис (Канакинумаб);
- Өкпе артериялық гипертензиясы бар 2 пациентке арналған Апбрави (Селексипар);
- Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Атырау облыстарынан, Шымкент қаласынан, Алматы қаласынан Дюшенді бұлшықет дистрофиясы бар 6 пациентке «Амондис 45» (Касимерсен);
- Дюшенді бұлшықет дистрофиясы (ДБД) бар Жетісу, Қостанай, Ақмола, Түркістан, Павлодар облыстарынан 9 пациентке Экзондис 51 (Этеплирсен);
- Сондай-ақ Қазақстан Республикасына дәрілік препараттарды жеткізгені үшін 191 056,57 теңге сомасына кедендік шығыстарды өтеу.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
30 000 000 000	6 184 648 778,57	95,11%	20,62%



Qazaqstan
halqyna

МҮГЕДЕКТИГІ БАР БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ (14-29 ЖАС) ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2022 жылы «Medicare International» ЖШС және «Фармас» ҚБ (ҚР-дағы Ottobock өкілі) Қордың іске асыру жөніндегі серіктестерімен бірлесіп, пәнаралық топтың қорытындысы негізінде инновациялық протездерді іріктеу әдістемесіне сәйкес Қордың 70 өтініш берушісі – инновациялық протездерді әлеуетті алушыларға консультациялар өткізілді. Консультациялар нәтижесінде 66 азаматқа жеке протездер дайындау мақұлданды, оның ішінде балалар (18 жасқа дейін) – 24, жастар (18 жастан 29 жасқа дейін) – 42. Қор 220 775 394 теңге сомасына 51 жеке инновациялық аяқ протезін (жамбас - 20, жіліншік - 16) және 330 127 400 теңге сомасына 15 қол протезін дайындауды қаржыландырды. Қайырымдылық бағдарламасының жалпы құны 1 568 000 000 теңге болғанда, 6,9%-ы 2022 жылы Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан іске асырылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге

1 568 000 000,00

2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге

108 249 168

2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %

1,66%

2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %

6,9%



**Qazaqstan
halqyna**

ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

Осы қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде дамуында бұзылысы және олардың пайда болу қаупі бар балалардың дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап ойдағыдай дамуы үшін жағдай жасау мақсатында 13 өңірде (Алматы, Шымкент, Қостанай, Тараз, Өскемен, Түркістан облысы Қабланбек ауылы, Талдықорған, Павлодар, Қарағанды, Петропавл, Арал, Орал, Атырау) ерте араласу орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: жыл сайын әр орталықта 600 бала мен отбасы қызмет алады, жалпы қамтылуы - жылына 7800 бала. Барлық орталықтардың ашылуы 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жоспарланған.

Жобаны іске асыру бойынша серіктестер: «Қамқорлық Қоры» КҚ, «Самұрық-Қазына Траст» КҚ, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Жетісу, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының, Шымкент және Алматы қалаларының әкімдіктері.

Жалпы бюджет 870 273 144 теңге мөлшерінде, 2022 жылы жобаның іске асырылуы 1,77%-ын құрайды, 2022 жылғы 20 желтоқсанда Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 15 381 243 теңге мөлшерінде төлем аударылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
870 273 144	15 381 243	0,24%	1,77%



**Qazaqstan
halqyna**

ШЕТЕЛДІК КЛИНИКАЛАРДА АУЫР ЖАҒДАЙДАҒЫ НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУ

Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 2022 жылғы 31 мамыр - 29 желтоқсан кезеңінде жақын және алыс шетелдердің жетекші медициналық мекемелерінде көлік шығындары мен 8 ауыр жағдайдағы пациенттерді емдеу үшін төлемдер аударылды:

- 1) «Центр сосудистой патологии» ЖШҚ (Ресей Федерациясы);
- 2) «Отеков нет» ЖШҚ (Ресей Федерациясы);
- 3) Koç University Hospital in Istanbul (Түркия);
- 4) LIV Hospital Vad Istanbul (Түркия);
- 5) Tel Aviv Medical Center Research And Development Fund And Health Services (Израиль).

Бағдарламаның жалпы құны 275 754 050 теңге болғанда 2022 жылы жалпы құнның 53,63%-ы және Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан жалпы төлемдердің 147 885 178,21 теңге мөлшерінде 2,27%-ы іске асырылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
275 754 050	109 623 982	11,11%	1,93%



«ТҰСАУ КЕСЕР» ЖОБАСЫ

«Тұсау кесер» қайырымдылық жобасын іске асыру шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру үйірмелері (ДСҮ) ашылды, еліміздің 5 өңірінде (Семей, Алматы, Шымкент, Атырау, Астана) спорттың бес түрі: бокс, армрестлинг, каратэ, ауыр атлетика және «жекпе-жек» бойынша тегін сабақтарға арналған 5 зал жарақтандырылды. Барлық спорт түрлері мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы бейімделген, сабақтар кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті оңалту мамандарының бақылауымен арнайы оқытылған әдістеме бойынша өтеді. Жобаны іске асыру бойынша серіктес «Жас-Жауынгер» қоғамдық қоры болып табылады.

2022 жылғы 3 және 5 тамызда Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан осы қайырымдылық жобасы бойынша міндеттемелерді орындау есебіне 9 404 242 теңге мөлшерінде төлемдер аударылды, бұл жобаның жалпы құнының 37 494 066 теңге мөлшерінде 25,08%-ын құрайды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
37 494 066	9 404 242	0,14%	25,08%



**Qazaqstan
halqyna**

«24 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ» ЖОБАСЫ

Еліміздің шалғай елді мекендерінде спортқа қолжетімділік деңгейі төмен аз қамтылған, ауқаты төмен көп балалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ даму ерекшелігі (инклюзивтілігі) бар 5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін балалар спортының қолжетімділігін арттыру мақсатында.

2022 жылдың 31 желтоқсанына жоба аясында «Батыр боламын» ҚҚ іске асыру бойынша серіктесімен бірлесіп келесі өңірлерде 3500 баланы қамтитын балалар спорт залдары жарақтандырылды:

- Ақмола облысы Тасты ауылы;
- Алматы облысы Ауват а., Черкасск а., Қазақстан а., Чапаев а.;
- Атырау облысы Доссор қала үлгісіндегі ауыл, Бөдене а.;
- Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласы, АқпATER ауылы, Дарьинск ауылы, Бұлан ауылы, Қарауылтөбе ауылы;
- Қарағанды облысы Изенді кенті, Талап ауылы, Жезді кенті, Ақмешіт кенті;
- Қостанай облысы Новотроицкое кенті;
- Маңғыстау облысы Бейнеу кенті, Ақжігіт кенті, Сенек кенті, Үштаған кенті;
- Түркістан облысы қақпақ кенті, Қарақұр кенті;
- Солтүстік Қазақстан облысы Покровка кенті.

Осы қайырымдылық жобаның жалпы құнының 234 687 000 теңге мөлшеріндегі 0,04%-ын іске асыру шеңберінде 2022 жылғы 5 тамызда Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 101 901 теңге аударылды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
234 687 045	101 901	0,0015%	0,04%



ҚР СПОРТШЫЛАРЫН ПАРА-ХОККЕЙГЕ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ҮШІН СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ЖҮГІРУ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазақстан Республикасында паралимпиадалық хоккейді дамыту және қолдау мақсатында жобада спортшыларды пара-хоккейге қатысу және даярлау үшін спорттық жабдықтармен (следж-шана және сырғытпа таяқ) сатып алу көзделген. Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2022 жылғы 22 және 24 қарашада Қордың «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан Қазақстан пара-хоккей құрамасына арналған 50 дана «Заряд» М-12 хоккей сырғытпа таяқтары және «Ballistic» және «Razor» 16 следж-шанасы үшін 12 628 736,96 теңге мөлшерінде төлем аударылды.

Пара-хоккейден Қазақстанның жалғыз құрамасы С пулында әлем чемпионатында сәтті өнер көрсетіп, екінші орынға ие болды. Чемпионат 6-11 желтоқсан аралығында Таиландтың Бангкок қаласында өтті. Ұйымдастырушылар пара-спортшылардың ойынына тәнті болды және команда 2023 жылы келесі В тобының чемпионатында ойнауға жоғары лигаға жолдама және рұқсатнама алды.



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
12 628 736,96	12 628 736,96	0,19%	100%



ҚАҢТАР ОҚИҒАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

2022 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасынан қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендердің тізімі (Бас прокуратура Қорға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталуына қарай зардап шеккендердің тізімін беріп отырды), қаза тапқан және ауыр жараланған әскери қызметшілердің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің тізімдері түрінде, сондай-ақ қайтыс болған отбасыларда қалған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпараттың түсуіне қарай қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылы Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккен 542 адамға жалпы сомасы 2 млрд 118 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылдың 25 мамыры мен 3 маусымында Қор «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде Қазақстан Республикасының жараланған 5 әскери қызметшіге жалпы сомасына 3 000 000 теңгеден 15 000 000 теңге қайырымдылық көмек көрсетті, бұл осы қайырымдылық көмектің жалпы жылдық құнының 0,71%-ын құрайды.

Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 118 000 000	15 000 000	0,23%	0,71%



МЕДИЦИНАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ШЕТЕЛДЕ ОҚЫТУ

2022 жылы Қор 2022 жылғы 21 қараша – 9 желтоқсан кезеңінде Түркияның Ыстанбұл қаласында Medical Park Göztepe клиникасында онкогематологиялық пациенттерге арналған реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің онколог дәрігерлеріне, гематологтарына және реаниматологтарына арналған 3 апталық тағылымдама шеңберінде «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ (ПБХФО) балалар онколог-гематологтарының, реаниматологтарының **6** маманын оқыту бойынша қайырымдылық көмек көрсетті. 2022 жылғы 17 қарашада Қор «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 2022 жылғы 19 қараша – 10 желтоқсан аралығындағы кезеңде 2 894 220 теңге сомаға ПБХФО 6 маманының тұруы үшін төлем аударылды; 2022 жылғы 19 қарашада 11.11.2022 ж. № 09-02-66 шарт бойынша 4 243 500 сомаға 6 дәрігер маманын оқыту үшін төлем аударылды.



ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ
БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ



Бағдармаларының жалпы құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
9 499 550,00	7 137 720	0,11%	75,14%

АТАУЛЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

2022 жылғы 30 желтоқсанда 29.12.2022 ж. № 538 шарт шеңберінде бір пациентке сигналды бинауральды өңдеудің заманауи жүйесі бар NAIDA M 90 SP сымсыз есту аппаратын сатып алғаны үшін Қор «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 2 430 000 теңге мөлшерінде толық төлем аударған.



Қайырымдылық көмектің құны, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. бағдарламаның жалпы құнынан «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 430 000	2 430 000	0,04%	100%